

Дербес деректерді өңдеу саясаты

Жалпы ережелер

Осы дербес деректерді өңдеу саясаты «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының талаптарына сәйкес жасалған және «Freedom Cloud Holding» жеке компаниясының (бұдан әрі — «Саясат») дербес деректерді өңдеу тәртібі мен дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларын айқындайды. «Freedom Cloud Holding» жеке компаниясы өз қызметін жүзеге асырудың маңызды мақсаты мен шарты ретінде адамның дербес деректерін өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, соның ішінде жеке өміріне қолсұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпияны сақтау құқықтарын қорғауды басты орынға қояды.

1. Компания туралы ақпарат.

«Freedom Cloud Holding» жеке компаниясы

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1 ғимарат, БСН 230940900333, банк атауы — «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, банк БИК-і — KSNVKZKA, КБЕ 17, ЖСК KZ92551Z600004181652 KZT.

2. Дербес деректерді өңдеу мақсаты.

- 2.1. Пайдаланушылар алдындағы міндеттемелерді орындау;
- 2.2. Қызмет көрсету сапасын жақсарту;
- 2.3. Алаяқтықты болдырмау және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері.

«Freedom Cloud Holding» ЖК Пайдаланушының дербес деректерін оның өзі <https://fch.kz/> сайтында орналасқан арнайы нысандар арқылы толтырған және/немесе жіберген жағдайда ғана және тек олардың келісімімен ғана өңдейді. Тиісті нысандарды толтыра отырып және/немесе өзінің дербес деректерін жібере отырып, пайдаланушы осы саясатпен келісетінін білдіреді.

4. «Freedom Cloud Holding» ЖК Пайдаланушының келесі дербес деректерін өңдей алады.

Аты, тегі, электрондық пошта мекенжайы, байланыс деректері;

Сервистерді пайдалану туралы деректер;

IP-мекенжайлар, cookies файлдары және басқа да техникалық деректер.

5. Дербес деректерді жинау, сақтау, беру және өңдеудің басқа да түрлерінің тәртібі.

«Freedom Cloud Holding» ЖК өңдейтін дербес деректердің қауіпсіздігі дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын толық

көлемде орындау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. «Freedom Cloud Holding» ЖК дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді және уәкілетті емес тұлғалардың дербес деректерге қол жеткізуін болдырмайтын барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды. ҚР қолданыстағы заңнамасының орындалуына байланысты жағдайларды қоспағанда, дербес деректер ешқашан, ешқандай жағдайда үшінші тұлғаларға берілмейді. Дербес деректерді өңдеу мерзімі шектелмеген. Пайдаланушы «Freedom Cloud Holding» ЖК-сына тиісті хабарлама жіберу арқылы дербес деректерді өңдеуге берген келісімін кез келген уақытта кері қайтарып ала алады.

6. Дербес деректерді трансшекаралық беру

Дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруды бастағанға дейін пайдаланушы дербес деректерді беру жоспарланып отырған шет мемлекеттің аумағында дербес деректер субъектілерінің құқықтары сенімді қорғалуы қамтамасыз етілетініне көз жеткізуге міндетті. Жоғарыда көрсетілген талаптарға жауап бермейтін шет мемлекеттердің аумағына дербес деректерді трансшекаралық беру тек дербес деректер субъектісінің өзінің дербес деректерін трансшекаралық беруге жазбаша нысандағы келісімі болған жағдайда және/немесе дербес деректер субъектісі тарапы болып табылатын шарт орындалған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Қорытынды ережелер

Пайдаланушы «Freedom Cloud Holding» ЖК-сына жүгіну арқылы өзінің дербес деректерін өңдеуге қатысты қызықтыратын сұрақтар бойынша кез келген түсініктемелерді ала алады. Саясатқа енгізілетін өзгерістер, Компания осы саясатты өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Жаңартылған нұсқа компанияның сайтында жарияланғаннан кейін күшіне енеді.